


ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ



Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің Ректоры
Ж.Темірбекова
« 18 » 09 2024 ж



ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026
ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

ӘГҒ факультетінің деканы
 А. Куралбаева


Даму бағдарламасы Басқару Кеңестің
№1 мәжілісінде қаралды
(11.09.2024ж.)

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ
№ 06
« 18 » 09 2024ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ


КЕЛІСІЛДІ

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А. Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры




Э. Идрисова

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры



Е.Төлегенов

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры



М. Гиритлиоглу

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы



С. Кырыкбаева

МАЗМҰНЫ

1. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайларды талдау	4
2. Миссия, құндылықтар, даму перспективалары	12
3. Стратегиялық мақсаттары, индикаторлар және оларға қол жеткізу міндеттері	13
4. Мақсатты индикаторлар мен тиімділік көрсеткіштерін анықтау	14
5. 2029 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер	18
6. Ресурстар	20

1. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТАЛДАУ

1.1 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен білім саласының даму тенденциялары

Соңғы уақытта әлемдік деңгейдегі беделді сарапшылар алдағы он жылдықта әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға сұраныс артатынын жиі айтуда. Себебі жұмыс берушілердің шығармашылық және сыни тұрғыда ойлай білетін мамандарға қажеттілігі бар және сондай құзыреттерге ие адамдарға сұраныс арта түседі. Бүгінгі таңда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен білім беру саласында маңызды үрдістер байқалады. Бұл салалардың маңыздылығы қоғамның күрделілігімен және жаһандық проблемалардың өсуімен айқындала түсуде. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен білім саласының дамуы төмендегі тенденциялармен анықталады:

- *Цифрлық трансформация*: әлеуметтік ғылымдарда үлкен деректер мен жасанды интеллектті пайдалану артып келеді. Бұл технологиялар адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік тенденцияларын жақсырақ түсінудің жаңа әдістерін ұсынады.

- *Цифрлық және қашықтықтан білім беру*. Қашықтықтан білім беру және жеделдетілген онлайн оқыту тұрақты трендке айналды. Бұл салада MOOCs (Massive Open Online Courses), сандық курс материалдары және виртуалды сыныптар маңыздылыққа ие болды.

- *Гибридтік білім беру үлгілері*: Бетпе-бет және онлайн білім беру әдістері бірге қолданылатын гибридік білім беру үлгілері икемділік пен қолжетімділік тұрғысынан артықшылықтарды ұсынады.

- *Адаптивті оқыту технологиялары*: Жасанды интеллект пен деректерді талдау арқылы оқушылардың оқу үдерістерін дараландыратын технологиялар дамып келеді. Осылайша, әр оқушының қажеттіліктеріне сәйкес келетін қарқын мен мазмұнды ұсынуға болады.

- *Әлеуметтік және эмоционалдық оқыту*: Білім алушылардың эмоционалдық интеллектін, эмпатиясын және әлеуметтік дағдыларын жақсартуға арналған бағдарламалар көбейіп келеді. Бұл студенттердің эмоционалдық және әлеуметтік дамуына, сондай-ақ олардың оқудағы жетістіктеріне ықпал етеді.

- *Өмір бойы білім алу*: Жылдам өзгеретін іскерлік әлем және технологиялық даму адамдардан өмір бойы білім алу тәсілін қабылдауды талап етеді. Бұл салада сертификаттау бағдарламалары, кәсіптік оқыту және үздіксіз білім беру орталықтары маңызды рөл атқарады.

- *Инклюзивті білім*: Жыныс, нәсіл және мүгедектік мәртебесі сияқты айырмашылықтарды ескеретін инклюзивті білім беру саясаты барлығына бірдей білім беру мүмкіндіктерін жасауға бағытталған.

- *Жобалық және проблемалық оқыту*. Студенттердің нақты проблемаларды шешуге арналған жобалармен жұмыс істеу арқылы білім алуына мүмкіндік беретін әдістер сыни тұрғыдан ойлау мен мәселені шешу дағдыларын дамытады.

- *Білім берудегі геймификация*. Ойын механикасын пайдалану арқылы оқу үдерістерін қызықтырақ және ынталандыратын геймификация әдістері кең таралуда.

- *Цифрландыру және жаңа медиа*. Онлайн журналистика: дәстүрлі баспа БАҚ-тан цифрлық платформаға ауысу жалғасуда. Жаңалықтар сайттары, блогтар мен әлеуметтік желілер журналистиканың маңызды арналарына айналды.

- *Әлеуметтік медиа және азаматтық журналистика*. Twitter, Facebook, Instagram және т.б. платформалар жаңалықтарды жылдам таратуға және бірден бөлісуге мүмкіндік береді. Журналистер ізбасарларымен тікелей байланысу үшін осы платформаларды белсенді пайдаланады. Смартфондар мен әлеуметтік желілердің арқасында адамдар жаңалықтар оқиғаларын лезде жазып алып, бөлісе алады. Бұл дәстүрлі журналистикаға қолдау да, бәсекелестік те тудырады.

- *Жасанды интеллект және автоматтандыру*. Жасанды интеллект алгоритмдері қаржылық есептер мен спорт нәтижелері сияқты белгілі бір пішімдерде жаңалықтарды автоматты түрде шығара алады. Бұл журналистерге көбірек шығармашылық пен талдауды қажет ететін жұмысқа назар аударуға мүмкіндік береді.

- *Подкасттардың көтерілуі*: Подкасттар жаңалықтарды ұзақ және терең талдауға арналған танымал форматқа айналды. Қазіргі журналистика өздерінің подкаст арналарын құру арқылы осы үрдіске бейімделуде.

1.2 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті өңірдегі педагогикалық бағытта мамандар дайындап отырған маңызды орталықтардың бірі. Бізден басқа өңірде бірнеше ЖОО-да ұқсас бағдарламалар бар. Атап айтсақ, Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата университеті, Тараз қаласындағы университеттер нарықтағы бәсекелестер саналады. Дегенмен Ахмет Ясауи университетінің халықаралық статусы, түрлі рейтингтердегі беделі және Түркістан қаласының жаңарып, облыс орталығына айналуы секілді факторлар бойынша біз басымдыққа иеміз. Алайда еңбек нарығындағы сұраныстарды қанағаттандырып отыру үшін білім беру бағдарламаларына ұдайы мониторинг жүргізіліп, қажетті өзгерістер енгізіліп отырады.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті 1991 жылдан, университет ашылғаннан бастап келе жатқан көне факультеттердің қатарында. Факультеттің атауы әр жылдарда құрылымдық өзгерістерге байланысты әртүрлі өзгеріп отырғанымен өзінің бастауын «Тарих» факультетінен алады. Факультет құрамында Жалпы тарих, Қазақстан тарихы, Түркі мемлекеттері тарихы, Археология, этнология және мұражайтану, Жалпы психология, Жалпы педагогика және этнопедагогика кафедралары жұмыс жасады. Қазіргі кезде факультеттің құрамында 4 кафедра бар (Сурет-1).



1-сурет. Факультет құрамындағы кафедралар

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті мектепке дейінгі, бастауыш білім беру, педагогика және психология, отандық және дүние жүзілік тарих, журналистика бойынша жоғары білікті мамандар даярлайтын аймақтағы негізгі орталық болып табылады. Мамандарды даярлау үш сатылы бакалавриат, магистратура, PhD докторантура жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Оқу үдерісі барысында шет тілдерін меңгеруге, сапалы білім беруге, өзге ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген. Мамандарды дайындау педагогика, психология, тарих және журналистика бойынша іргелі білім бағдарламаларына негізделген. Факультетте барлығы аккредиттелген 13 Білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады (Кесте-1). Олар:

1-кесте. Аккредиттелген білім беру бағдарламалары

Кафедралар	БББ саны	БББ атауы	БББ шифры	Аккредитация туралы мәлімет
«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру»	4	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6B01202	«Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA)» 28.05.2022 ж.-27.05.2027 ж.
			7M01202	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
		Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6B01303	«Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA)» 28.05.2022 ж.-27.05.2027 ж.
			7M01303	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
Педагогика және психология	3	Педагогика және психология	6B01101	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
			7M01101	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
			8D01101	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
Тарих	4	Тарих (педагогикалық)	6B01615	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
			8D01604	«Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA)» 28.05.2022 ж.-27.05.2027 ж.
		Тарих (ғылыми)	6B02231	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 27.05.2021 ж.-26.05.2026 ж.
			7M02210	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
Журналистика	2	Журналистика	6B03239	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)» 20.05.2020 ж.-19.05.2025 ж.
		Сандық медиа және тележурналистика	6B03279	«Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA)» 30.03.2024 ж.-29.03.2029 ж.

Қазіргі кезде факультетте 633 білім алушы оқиды және арасында Түркия, Қытай, Ресей, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ауғанстан сияқты елдерден келген шетелдік студенттер де бар (Кесте-2,3).

2-кесте. Факультет контингентінің соңғы 3 жылдағы жалпы көрсеткіші

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
--	-----------	-----------	-----------

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

Бакалавриат	488	530	589
Магистратура	41	35	26
PhD докторантура	6	10	18
Жалпы	535	575	633

3-кесте. Факультет бойынша соңғы 3 жылда қабылданған білім алушылар туралы мәлімет

Бакалавриат					
Оқу жылы	Грант	ТТЕ грант	Квота	Ақылы	Барлығы
2022-2023	58	8	6	39	111
2023-2024	140	2	13	39	194
2024-2025	108	5	26	25	164
Магистратура					
Оқу жылы		Грант	Ақылы	Барлығы	
2022-2023		24	-	24	
2023-2024		11	-	11	
2024-2025		12	2	14	
PhD докторантура					
Оқу жылы		Грант	Ақылы	Барлығы	
2022-2023		3	-	3	
2023-2024		6	-	6	
2024-2025		8	-	8	

Факультеттегі білім беру бағдарламалары соңғы жылдары «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингінде өз позициясын едәуір жақсартып келеді. Осы жылғы рейтинг нәтижесі бойынша факультеттегі 6 БББ алғашқы ондықтың ішінен орын алуда және түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінде жоғары (Кесте – 4,5).

4-кесте. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2021, 2022, 2023 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері

№	Білім беру бағдарламасы	Рейтингтегі орны және ЖОО саны		
		2021	2022	2023
1	Педагогика және психология	13/32	21/34	2/33 ↑
2	Тарих (білім)	-	21/29	10/26 ↑
3	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	16/31	9/33	3/33 ↑
4	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	14/19	22/27	7/22 ↑
5	Тарих (ғылым)	-	11/11	8/10 ↑
6	Журналистика	6/20	13/19	9/22 ↑

5-кесте. Факультет түлектерінің 2023-2024 оқу жылы бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші

Білім беру бағдарламалары	% көрсеткіш	
6B01101 - Педагогика және психология	80,8 %	Бакалавриат – 81,6%.
6B01202 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	83 %	
6B01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	90 %	
6B01615 - Тарих	86 %	
6B02231 - Тарих	75 %	
6B03239 - Журналистика	75 %	Магистратура – 89%.
7M022 - Тарих	100 %	

7M012 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	67%	PhD докторантура - 100%.
7M013 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	100%	
8D011- Педагогика және психология	100 %	
8D016 - Тарих	100 %	
Факультет бойынша		90,2 %

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінде білім алушыларға білікті оқытушы-профессорлар дәріс жүргізеді. Оның ішінде: 3 ғылым докторы, 26 ғылым кандидаты, 22 PhD доктор, 27 магистр-аға оқытушы бар (Кесте-6).

6-кесте. Факультеттің кадрлық құрамы

№	Кафедралар	Жалпы ОПК саны	Ғылыми дәрежелі ОПК саны	Магистр, аға оқытушылар	Штат	Ғылыми дәрежелік (%)
1	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру	16	П.ғ.к. – 5 PhD – 6	5	15,5	68,75
2	Педагогика және психология	21	П.ғ.д. – 1 П.ғ.к. – 6 PhD – 5	9	22,75	57,1
3	Тарих	26	Т.ғ.д. – 2 Т.ғ.к. – 12 PhD – 7	5	20,75	76,9
4	Журналистика	14	Ф.ғ.к. – 4 PhD – 3	7	10,5	50
	Жалпы	77	50	27	69,5	63,18

Сонымен қатар факультет ОПК тарапынан іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде және өз саласында танымал ғалымдар легі қалыптасқан.

Журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы **Садықов Сейдулла** «Түркі әлемінің үздік педагогы», «Қазақстанның құрметті азаматы», «ЖОО Үздік оқытушысы». С.Садықовтың ғылыми мақалалары АҚШ, Қытай, Нидерланды, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан және Қырғызстан елдерінің басылымдарында жарияланған. «Казахи. Вопросы идентификации и идентичности и печать Казахстана» деген көлемі 26 баспа табак монографиясы Германияның академиялық баспасында, «Тюркская филология: вопросы языка и литературы» атты қосалқы авторлық халықаралық жинағы Бакуде, «Освещение вопросов национальной идентичности в казахстанской публицистике» деген монографиясы Ташкентте басылған. Скопус базасында жарияланған 11 мақаласы бар. Қазақ журналистикасы: ұлттық бірегейлік мәселелері» атты оқулығы, «Ұлттық рух жаршысы», «Қоғам және журналист» деген монографиялары да әріптестері тарапынан жоғары баға алған. Аталған кафедраның профессоры, филология ғылымдарының кандидаты **Бекжігіт Сердәлі Кенжебекұлы** танымал композитор. Көптеген халықаралық академиялардың мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері. Екі дүркін ЖОО үздік оқытушысы. Скопус базасында жарияланған 15 мақаласы бар, жүзден аса ғылыми мақалалардың авторы. Журналистика кафедрасының жаңа буын жас ғалымы **Ергебеков Молдияр Амангелдіұлы** – PhD, профессор, кинотанушы ғалым, Республикалық «Абай ТВ» телеарнасының «Сана» бағдарламасының және «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Гауһартас» бағдарламаларының жүргізушісі. Кино теориясы, Еуропа киносының тарихы, Әлемдік киноның тарихы, Киносараптама, Эстетика, Этика, Орта Азия киносы, Медиа теориясы т.б. курстарды меңгерген.

Башова Балзия Шегетайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Білім және ғылым саласына еңбегі сіңген қызметкер төсбелгісі, «Кентау шұғыласы» газетіне 90 жыл төсбелгісі секілді салалық марапаттарға ие. 60-қа жуық ғылыми мақалалардың, 500-ге жуық публицистикалық мақалалардың авторы, монографиясы мен екі оқу-құралы бар. Екі кітаптың («Жауқазын», «Біздің үн») құрастырушысы, көркем әңгімелері республикалық, аймақтық басылымдарда жарық көрген. **Бельдибекова Алия Ташболатқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Журналистика кафедрасының меңгерушісі. Елуге жуық ғылыми мақалалардың авторы, монографиясы мен оқу құралдары бар. Скопус базасында жарияланған 3 мақалалары бар,

Тарих кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, **Түрсүн Хазретәлі Маханұлы** Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы; Ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу тарихы; тарих методологиясы; Алаш қозғалысы; тарихи тұлғатану бағыттары бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген белгілі Алаштанушы ғалым. Скопус деректер базасында тұрақты түрде мақалалары жарияланады және көптеген PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік жасап, сәтті қорғатып жүрген, құзырлы орган берген құпия қорларда жұмыс істеуге №2 категориядағы рұқсаты бар ғалым. «Тарих» кафедрасының доценті, PhD **Қ.Базарбаевтың** ғылыми зерттеу бағыты Түркі мемлекеттер тарихы, Орта Азия елдерінің тарихы, Түркия Республикасының тарихына арналған. 2014 жылы «Жастүріктер қозғалысы идеяларының Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа ықпалы (XIX ғ. соңы XX ғ. басы)» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғаған соң, ғылыми зерттеулік жұмыстарын жалғастырып келеді. 2014 жылдан бүгінгі күнге дейін ғылыми ізденістер мақсатында Ресей, Түркия, Азербайжан, Өзбекстан мемлекеттерінің архив қорларында ғылыми жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 100 ден астам ғылыми мақалалары, Scopus базасында 13, 1 оқулық, 2 оқу құралы жарық көрген. *h*-индекс 3 ке тең. Зерттеу тақырыбы бойынша алыс шет ел, жақын шетелде ғылыми баяндамалар жасаған. Қ.Базарбаев 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша «Түркі тілдес мемлекеттердің тарихи-мәдени ықпалдастығын қалыптастырудың саяси, құқықтық тәжірибесі және даму бағыттары» атты жобаның ғылыми жетекшісі. Бүгінгі таңда жоба тақырыбы аясында ғылыми-зерттеулік жұмыстарын сәтті жүргізуде.

Педагогика және психология кафедрасының доценті, PhD **А.Куралбаева** 2014 жылы «Бастауыш сынып пәндерін интеграциялар негізінде білім сапасын арттыру» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ғылыми зерттеулік жұмыстарын жалғастырып келеді. Ғылыми ізденістер нәтижесінде 100 ден астам ғылыми мақалалары, Scopus базасында 12, 2 оқу құралы, 2 монографиясы жарық көрген. *h*-индекс 2 ке тең. А.Куралбаева ҚР ҒЖБ Ғылым комитетінің Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша 2024-2026 жж. арналған гранттық жобасын жеңіп AP23488203 «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму мониторингі және оларға скрининг жасаудың Қазақстандық стандарты» (Казахстанский стандарт мониторинга и скрининга развития детей дошкольного возраста/ Developmental monitoring of preschool children and the Kazakhstanian standard for their screening) атты ғылыми-зерттеу тақырыбымен жұмыс жүргізуде.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінде қазіргі кезде жалпы соммасы **197 437 172,50 млн теңге** құрайтын екі ғылыми жоба орындалуда. Факультетте соңғы 3 жылда осындай ғалымдардың еңбегінің нәтижесінде монографиялар мен оқу құралдарын санамағанда әлемдік рейтингісі жоғары ғылыми журналдарда - 31 мақала, ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын басылымдарда - 61 мақала жарық көрді.

Сонымен қатар соңғы үш жылда факультеттің бірнеше оқытушысы халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелдік тағылымдамадан өтті және тұрақты түрде «ЖОО үздік оқытушысы» иегерлері атанып келеді.

SWOT-талдау

Күшті жақтар (Strengths)

1. Факультеттің ғылыми дәрежелі мамандармен 63,18% пайызға қамтамасыз етілуі;
2. Факультеттегі барлық білім беру бағдарламалары бойынша дуальды білім берудің жолға қойылуы;
3. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 90,2% болуы;
4. 3 гранттық жобаның болуы;
5. Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша Түркия Республикасы, Нигде Өмер Халисдемир университетмен қос дипломдық және бірлескен бағдарламаларды жасау;
6. Өңірдегі педагог, журналист мамандарын дайындайтын белгілі білім беру мекемесі болуы;
7. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бойынша 2 БББ рейтинг нәтижесінің алғашқы үштікте болуы.

Әлсіз жақтар (Weaknesses)

1. Факультеттегі 4 ОПҚ-да ғана шет тілін білетін сертификатың болуы;
2. Білім алушылар арасында 5-ішкі ұтқырлық және 3-сыртқы ұтқырлық қана жүзеге асырылуы
3. Факультеттегі жас ғалымдар үлесінің 1,5% болуы;
4. Біліктілігі жоғары, ауқымды ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қабілетті мамандардың тапшы болуы;
5. ОПҚ-ның сала бойынша соңғы трендтерге ілесу, заманауи технологияларды оқу үдерісінде (жасанды интеллект) қолдану әлсіздігі.

Мүмкіндіктер (Opportunities)

1. Педагог мамандарға нарықта сұраныстың жоғары болуы;
2. «Лингвистикалық орталық» арқылы тілдік құзыреттерді дамыту мүмкіндігі;
3. Түркиядан білікті мамандардың келуі және Манас университетімен ортақ ғылыми жоба жасау мүмкіндігі
4. «Тарих», «Журналистика», білім беру бағдарламалары бойынша түрік тілінде жүргізілетін пәндер санын арттыру арқылы академиялық ұтқырлықпен Түркиядан келетін білім алушыларды тарту мүмкіндігі;
5. Ғылыми дәрежелікті көтеруді қажет ететін «Журналистика», «Педагогика және психология» кафедраларына Түркияда мақсатты Гази және Хаджи Байрам Вели университеттерінде PhD докторантура бағдарламалары бойынша мамандар дайындау мүмкіндігі;
6. Қырғызстан Республикасы Қырғыз-түрік Манас университетімен «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы қосдипломдық бағдарлама жасау мүмкіндігі.

Қауіп-қатерлер (Threats)

1. Нарықтағы бәсекелестіктің жоғары болуы, жалақысының жоғары мекемелерге педагог мамандардың ауысып кету қаупі;
2. Ғылыми дәрежелі ОПҚ-ның қартаюы, орташа жастың 50 жастан жоғары болуы;
3. Ғылыми бағыттағы білім беру бағдарламаларына сұраныстың жыл сайын азаюы.

2. МИССИЯ, ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Университет Миссиясы:

Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай түркі әлемінде алдыңғы қатарлы, білікті және жаңашыл тұлғаларды тәрбиелейтін университет болу

Факультет Миссиясы:

Сала бойынша кәсіби дағдыларын игерген, бәсекеге қабілетті маман ретінде заманауи тұжырымдамалық мәселелерді талдай алатын және мәдениетаралық қарым-қатынастарды, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістерін объективті түрде бағалай алатын тұлға даярлау

Университеттің стратегиялық Мұраты

Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы негізінде әлемдік деңгейде ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет.

Университеттің негізгі құндылықтары

Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптасады:

1. Серіктестік және құрмет
2. Ашықтық және сенімділік
3. Әділдік және адалдық
4. Біліктілік және еңбекқорлық
5. Инновация және бейімделгіштік

Факультеттің даму перспективасы

Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру (24.02.2024ж) бойынша көрсетілген бағыттар негізінде сапалы білім беру және ғылыми әлеуетін дамыту арқылы университетіміздің түркі әлеміндегі алдыңғы қатарлы оқу орнына айналуына үлес қосу. Атап айтқанда төменде көрсетілген бағыттарда дамуға басымдық беріледі:

- **Академиялық үстемдікке қол жеткізу:** БББ нарық сұранысына қарай ұдайы жаңарту, ОПК біліктілігін арттыру, ОПК және студенттерге арналған шетелдік академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту, Аккредитация.

- **Ғылыми зерттеу:** Ғылыми жарияланымдарды сандық әрі сапалық тұрғыдан арттыру, гранттық жобалар санын ұлғайту, әріптес ғылыми ұйымдармен ортақ зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

- **Әлеуметтік-мәдени сала:** Студенттік клубтарды дамыту, мәдени-рухани саланы дамытуға әсер беретін әртүрлі деңгейдегі конференция, семинар және т.б. іс-шараларды ұйымдастыру.

- **Инфраструктураны дамыту:** Оқу үдерісі мен ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті құралдармен аудиторияларды жабдықтау бойынша жоғарғы басшылыққа ұсыныстар беру.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР, ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕРІ

Факультеттің даму жоспары университеттің стратегиялық даму жоспарында қамтылған мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағытталған. Ахмет Ясауи университетінің Даму бағдарламасында факультеттерге жүктелген төмендегі 3 стратегиялық бағыт бойынша 2024-2026 жылдарға арналған төменде көрсетілген міндеттер анықталды. Олар:

Стратегиялық бағыт 1. Тұрақты институциялық даму

Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету

Міндет 1.1.1 Корпоративтік басқаруды дамыту

Міндет 1.1.3. Адам ресурстары мен дарындыларды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу

Мақсат 1.2. АЯУ имиджін және беделін нығайту

Міндет 1.2.1. Әлемдегі жетекші отандық рейтингілер мен университеттердің рейтингілеріндегі позицияларды жақсарту

Міндет 1.2.2. Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету

Міндет 1.2.3. Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдері қоғамының дамуына ықпалын күшейту

Стратегиялық бағыт 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлау үшін білім беру экожүйесін құру

Міндет 2.1.1. Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру.

Міндет 2.1.2. Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып, жаңарту.

Міндет 2.1.3 Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

Міндет 2.2.1. Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу

Стратегиялық бағыт 3. Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Міндет 3.1.1 Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру

Міндет 3.1.2. Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру

Мақсат 3.2 Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру

Міндет 3.2.1 Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру)

Міндет 3.2.2. Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру

Міндет 3.2.3 Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру

4. МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР МЕН ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

Факультеттер		2. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар		
Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2024	2025	2026
		Жоспар	Жоспар	Жоспар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУ				
Мақсат 1.1 АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету				
Мақсатты индикаторлар				
Міндет 1.1.1 Корпоративтік басқаруды дамыту				
1.1.1.1 Факультеттегі жобалар саны	Саны	1	1	1
1.1.1.2 Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу	Факт	+	+	+
Міндет 1.1.3 Адам ресурстары мен таланттарды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу				
1.1.3.1 Факультеттегі қызметке тартылған шетелдік мамандар үлесі	%	5,5	6	6,5
1.1.3.2 ОПҚ ғылыми дәрежелілігі	%	60	65	70
1.1.3.3 Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПҚ үлесі	%	16	18	19
1.1.3.4 Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы (72 сағ. кем емес)	%	25	28	30
1.1.3.5 Біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы:	%	50	50	50
- сандық дағдылар				
- оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану				
- инклюзивті білім беру				
- студенттің бағдарланған оқытуына/білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау				
Мақсат 1.2 АЯУ имиджін және беделін нығайту				
Мақсатты индикаторлар				
Міндет 1.2.1 Әлемдегі жетекші отандық рейтингтер мен университеттердің рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту				
1.2.1.1 "Атамекен" рейтингінде үздік 25% - ға енген бағдарламалар саны	Саны	1	2	2
1.2.1.5 QS-BY SUBJECT, ТОП-100 енгізілген бағдарламалар саны	Саны	-	-	-
Міндет 1.2.2 Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету				
1.2.2.1 Әлемдік жетекші білім, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдарымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жасалған шарттардың (жаңа меморандумдардың) саны	Саны	3	3	3
1.2.2.2 Ғылыми және инновациялық қызмет бөлігінде ірі бизнес өкілдерімен жасалған қамқорлықты қабылдау жөніндегі жаңа меморандумдар мен келісімдердің саны	Саны	-	-	-
Міндет 1.2.3 Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдерінің қоғамының дамуына ықпалын күшейту				

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

1.2.3.1 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	Саны	-	-	-
1.2.3.2 Университетімізге тиесілі авторлық құқықпен қорғалған онлайн курстар саны	Саны	-	-	1
1.2.3.3 Бейресми білім беру бағдарламаларындағы тыңдаушылар саны (Күміс университетінен басқа)	Саны	-	10	20
1.2.3.4 БББ тыңдаушылар саны Күміс университетінің бағдарламалары бойынша	Саны	-	2	3
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ				
Максат 2.1 Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру				
Максатты индикаторлар				
1) Алтын белгі, Халықаралық олимпиадалардың, конкурстарының, спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған)	Саны	-	1	2
2) Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі	%	82	85	90
3) Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	%	60	62	65
Міндет 2.1.1 Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру				
2.1.1.1 Университеттегі халықаралық білім беру бағдарламаларының саны, оның ішінде ағылшын тілінде (қос диплом/бірлескен)	Саны	-	-	1
2.1.1.2 Коэффициентке сәйкес студенттердің жалпы санынан ЖОО- дағы шетелдік студенттердің үлесі (сапалық көрсеткіш)	%	4	5	6
2.1.1.3 Оқу процесіне тартылған шетелдік оқытушылар саны (кемінде 1 семестр)	%	5	6	7
Міндет 2.1.2 Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып жаңарту				
2.1.2.1 Халықаралық деңгейде аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны	Саны	-	-	1
2.1.2.2 Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ үлесі	%	-	-	1
2.1.2.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен білім алушылар үшін	%	1,2	1,5	1,7
2.1.2.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден келген білім алушылардың үлесі	%	0,7,	0,9	1
2.1.2.5 QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қосдипломды білім беру	Саны	-	-	-

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

шеңберіндегі білім беру бағдарламалары				
2.1.2.6 ОПҚ-ның сыртқы (келген/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі	%	0,5	0,6	0,7
2.1.2.7 Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі	%	0,3	0,4	0,5
2.1.2.8 ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің үлесі	%	11	12	13
2.1.2.9 Көптілді студенттік топтардың пайызы	%	-	10	15
Міндет 2.1.3 Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету				
2.1.3.2 Инклюзивті білім беруді дамытуда білім беру бағдарламаларын өзектендіру, іске асыру жөніндегі жұмыс кезінде үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық қорлардың, қоғамдық бірлестіктердің тартылған өкілдерінің саны	Саны	1	1	1
2.1.3.4 Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын білім алушылардың үлесі	%	10	15	20
2.1.3.5 Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік базасын жаңарту (оқыту тілінде)	%	5	5	5
Мақсат 2.2 Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)				
Мақсатты индикаторлар				
1) Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі (университеттің қоғамдық өмірі, балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы қайырымдылық акциялары, ҰОС және еңбек майданының ардагерлері үшін, марафондар, концерттік бағдарламалар, студенттік өзін-өзі басқару, клубтар мен қоғамдық ұйымдар, конкурстар, фестивальдар, флеш-мобтар, еріктілік, пікірталас)	%	27	28	29
2) Студенттердің жалпы санынан студенттік үкімет мүшелерінің үлесі	%	0,9	1	1,1
Міндет 2.2.1 Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу				
2.2.1.1 Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі (балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, ҰОС және еңбек майданының ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциялары, волонтерлік)	%	0,9	1	1,1
2.2.1.2 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық ұйымдардың (қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) мүшелері үшін	%	1,5	2	2,5
2.2.1.3 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) қатысушылардың үлесі	%	5,5	5,7	6

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ				
Максат 3.1 Зерттеу экожүйесін дамыту				
Максатты индикаторлар				
1) ГҚ/ БНҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ОПК үлесі (40 жасқа дейін)	%	3/4,6	3	4
2) Ғылыми жобалардың жалпы санынан жүзеге асырылып жатқан халықаралық ғылыми жобалардың саны	Саны	-	-	-
3) ҒЗЖ табыстарының көлемі	Факт, мың тг.	+	+	+
Міндет 3.1.1 Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру				
3.1.1.1 ҒЗТҚЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен) айналысатын жас ғалымдардың саны (ГҚ/ҒТП, БНҚ бойынша, ҒЗИ жас ғалымдары, докторанттар және т. б. ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу)	%	3/4,6	3	4
3.1.1.2 ГҚ/ БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПК үлесі (коэффициентке сәйкес)	%	8/12,3	8	9
Міндет 3.1.2 Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру				
3.1.2.1 Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту)	Саны	1	2	2
Максат 3.2 Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру				
Максатты индикаторлар				
1) Бюджеттен қаржыландырылатын іске асырылатын ғылыми жобалардың саны	Саны	2	3	3
2) Республикалық бюджеттен (ГҚ) қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны	Саны	2	3	3
3) Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны (БНЖ)	Саны	-	-	-
4) Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингілі басылымдарындағы мақалалар мен ғалымдардың шолуларының саны +20%	Саны	-	2	3
Міндет 3.2.1 Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру)				
3.2.1.1 Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны	Саны	-	-	-
3.2.1.2 Бюджеттен қаржыландырылатын барлық ғылыми жобалардың санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі	%	-	-	-
3.2.1.3 ЖОО-да қызметкерлер іске асырған стартап жобалардың саны	Саны	-	-	-
3.2.1.4 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі (бұдан әрі – ҒҒТҚН) және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (Жергілікті атқарушы орган, бизнес өкілдері)	Факт, мың.тг.	-	-	-
3.2.1.5 Білім алушылардың стартап- жобаларының әр жылғы саны	Саны	-	-	-

Міндет 3.2.2 Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру				
3.2.2.1 Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+20%)	Саны	-	5	6
3.2.2.2 ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны	Саны	14	15	16
3.2.2.3 H-индексі (Хирша индексі) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны	Саны	1	1	2
3.2.2.4 Ғылыми монографиялар/кітап тарауларының саны (Scopus, WOS)	Саны	-	-	-
Міндет 3.2.3 Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру				
3.2.3.1 Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны	Саны	-	-	-
3.2.3.2 Халықаралық деңгейдегі патенттер және жіберілген өтінімдер саны (әр жылғы)	Саны	-	-	-
3.2.3.3 Өндіріске/оқу процесіне енгізілген ҒЗЖ нәтижелері	Факт	+	+	+

5. 2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ КҮТІЛЕТІН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Факультеттің даму бағдарламасында орын алған міндеттерді жүзеге асыру кезеңінен 2026 жылға қарай келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) Стратегиялық бағыт 1. Тұрақты институциялық даму

- Факультет бойынша ОПК ғылыми дәрежелігін 70% жетеді және жас ғалымдар санын артады;
- Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПК үлесін 19% жеткізу жоспарлануда;
- «Атамекен» рейтингінде үздік 25 %-ға енген бағдарламалар саны ең кемі 2-ге жетеді;
- Салалық ұйымдармен, мекмелермен жасалған шарттардың (меморандумдардың) саны жыл сайын артады;
- Авторлық құқықпен қорғалған ең кемі 1 онлайн курс жасалады.

2) Стратегиялық бағыт 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу

- Факультетте білім алатын шетелдік студенттер саны жалпы контингенттен 12% көрсеткішке жетеді;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне **шетелге кеткен** білім алушылар көрсеткішін 1,7% межеге жетеді;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне **шетелден келген** білім алушылардың үлесі 1% жетеді;
- ОПК-ның сыртқы (келген/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі 0,7% кем болмайды;
- Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі 0,5% кем болмайды;

- ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің үлесі 13% кем болмайды;

- Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі (балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, ҰОС және еңбек майданының ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциялары, волонтерлік) 1,3% құрайды;

- Шығармашылық және бос уақыт клубтары мен ұжымдарының санын 1-ге жетеді.

3) Стратегиялық бағыт 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

- ҒЗТҚЖ (Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санынан жас ғалымдардың үлесі (ГК/БМҚ бойынша ғылыми жобаларға қатысу және т. б.) артады;

- ГК/БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) 13% кем болмайды;

- Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГК/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту) әр жобада 3-ке жетеді;

- Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+%) 6 кем болмайды;

- ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны 16-дан кем болмайды;

- h-индексі (Хирша индексі) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны 2-ден асады.

6. РЕСУРСТАР

6.1 Факультеттің аудиториялық қорының жағдайы

Әлеуметті-гуманитарлық ғылымдар факультеті оқу үдерісіне қажетті ең басты құрал-жабдықтармен қамтылған. Аудиториялық қор қазіргі контингентті толық қамтамасыз етеді. Дегенмен кейбір жаңартуды қажет ететін және аккредитациядан өту барысында талап етілетін арнайы жабдықталған кабинеттерге қажеттілік бар. Атап айтқанда «Педагогика және психология» кафедрасын 2024-2025 оқу жылына «Психологиялық-педагогикалық кеңес беру, Психологиялық-педагогикалық тренинг жүргізу» кабинеттерімен жасақтау қажет. Жалпы пәндер бойынша әдістемелік кабинеттерге және кафедраларға қажетті материалдық-техникалық жабдықтар алу бойынша университет басшылығына қызмет хат жазылды.

Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылында Журналистика кафедрасының материалдық-техникалық базасы заманауи құрал жабдықтармен жаңарды. Қазіргі кезде журналистика кафедрасында бірнеше студиялар мен кабинеттер ашылды.

Аудиториялар саны	Басқа мекемелердегі кабинеттер (Дуальды білім беру аясында)	Ескерту
Жалпы саны - 23 Орналасқан жері: №1 ғимарат: 518 - Журналистикалық пәндері оқу бөлмесі, 114 - Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы, №706 - практикалық сабақтарға арналған фотостудия кабинеті, №705а - Мультимедиялық класс, №702 -	Жалпы саны - 7 Мекемелер: Балдырған, Әлия балабақшалары мен Ж. Ташенов атындағы №23 «ІТ» мектеп-лицейі (№40, 41, 42 кабинеттер); М.Әбеннова атындағы жалпы орта мектебі, Түркістан көмекші мектеп интернаты КММ, Кентау	Барлық аудиториялар Санитарлық эпидемиологиялық режим талаптарына сәйкес және факультеттің қазіргі контингентіне толық жеткілікті.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

Журналистикалық пәндері оқу бөлмесі, 602 - Радиостудия бөлмесі. №3 ғимарат – 118, 118а, 124, 124а, 126, 126а, 140, 217, 223, 225, 227, 232, 234, 240, 241, 311, 312, 313, 328, 339, 412, 413, 414, 415, 416, 417 кабинеттер.	гуманитарлық техникалық колледжі)	
--	-----------------------------------	--

6.2 Деканат және кафедралардың техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі

№	Атауы	Жағдайы	Деканат	Педагогика және психология	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру	Тарих	Журналистика	Жалпы
1	Моноблок	Жалпы саны	7	3	3	4	16	33
		жарамды	5	3	2	3	14	27
		жарамсыз	2	-	1	1	2	6
2	Компьютер	Жалпы саны	6	-	-	-		6
		жарамды	-	-	-	-		-
		жарамсыз	6	-	-	-		6
3	Принтер	Жалпы саны	8	3	5	5	4	25
		жарамды	5	2	4	4	3	18
		жарамсыз	3	1	1	1	1	7
4	Видео-проектор	Жалпы саны	2	1	3	2	2	10
		жарамды	2	1	3	1	2	9
		жарамсыз	-	-	-	1	-	1
5	Ноутбук	Жалпы саны	3					
		жарамды	1					
		жарамсыз	2					
6	Сканер	Жалпы саны	2					
		жарамды	-					
		жарамсыз	2					